

**"Ұжымдық бітімгершілік күштер және оларды материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен шаралар туралы" 1993 жылғы 24 қыркүйектегі келісімге Хаттаманы бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 23 маусым N 58-II

Алматыда 1995 жылғы 10 ақпанда жасалған "Ұжымдық бітімгершілік күштер және оларды материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен шаралар туралы" 1993 жылғы 24 қыркүйектегі келісімге Хаттама бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Ресми аударма емес

"Ұжымдық бітімгершілік күштер және оларды материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен шаралар туралы" 1993 жылғы  
24 қыркүйектегі келісімге Хаттама

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттер,  
1993 жылғы 24 қыркүйектегі Ұжымдық бітімгершілік күштер және оларды материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен шаралар туралы Келісімді басшылыққа ала отырып, бұдан былай - Келісім,  
бөлінген әскери бөлімдер мен бөлімшелерді басқару жөніндегі Тәжікстан Республикасындағы Ұжымдық бітімгершілік күштері Қолбасшысының өкілеттілігін ( қызметін) кеңейту мақсатында,  
төмендегілер жөнінде келісті:

1. Тәжікстан Республикасындағы Ұжымдық бітімгершілік күштерінің Қолбасшысы өз қызметінде көрсетілген Келісімде бекітілген Ұжымдық бітімгершілік күштерінің Біріккен қолбасшылығы туралы Ережені басшылыққа алатыны белгіленсін.

2. Ұжымдық бітімгершілік күштерінің Біріккен қолбасшылығы туралы Ереженің II-тарауы 3 тармағының бесінші азат жолы мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"қатысушы-мемлекеттердің мемлекет басшылары мен қорғаныс министрлеріне кейін баяндау арқылы операцияларды (әскери әрекеттерді) жүргізу кезінде нақты қалыптасқан жағдайда өз бетінше шешім қабылдау."

3. Ұжымдық бітімгершілік күштерінің Біріккен қолбасшылығы туралы Ереженің II-тарауы 3 тармағы он бірінші азат жолдан соң келесі мазмұндағы азат жолдармен толықтырылсын:

"БҰҰ, ЕҚЫҰ миссиялары мен басқа халықаралық ұйымдардың өкілдері жанжал аймағында болған кезде олармен, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер сыртқы істер министрлерінің Кеңесі жанындағы Бітімгершілік қызмет жөніндегі тұрақты консультативтік комиссиясымен үзілмес өзара іс-әрекетті жүзеге асыру;

олардың өтініші бойынша бітімгершілік қызметті жүзеге асыратын БҰҰ, ЕҚЫҰ миссиялары мен басқа да халықаралық ұйымдар өкілдерінің жанжал аймағындағы Ұжымдық бітімгершілік күштердің әскери контингентіне бару тәртібін анықтау;

бітімгершілік қызметті жүзеге асыратын БҰҰ, ЕҚЫҰ миссиялары мен басқа да халықаралық ұйымдар өкілдеріне Ұжымдық бітімгершілік күштердің әскери және сандық құрамы, олардың орналасуы, міндеттері және ол міндеттерді олардың ( өкілдердің) өздерінің функционалдық міндеттерін орындауы үшін қажетті ауқымда орындау әдістері туралы ақпарат беру;

халыққа ізгілік көмек көрсету мен бөлу, оны жеткізу, күзетті жүзеге

асыру жөнінде шешімдер қабылдауға қатысу;

Келісімге қатысушы-мемлекеттердің қорғаныс министрліктерімен Ұжымдық бітімгершілік күштерін батальон командирінен бастап және одан да жоғары деңгейде жасақтауға арналған офицерлік құрамды іріктеп алу және орналастыру мәселелерін келісу".

4. Осы Хаттама Келісімнің 14-бабында көзделген тәртіпте күшіне енеді.

1995 жылғы 10 ақпанда Алматы қаласында бір түпнұсқа данада орыс тілінде жасалды. Түпнұсқа дана осы Хаттамаға қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жіберетін Беларусь Республикасы Үкіметінің Мұрағатында сақталады.

Әзірбайжан Республикасы үшін

Армения Республикасы үшін

Беларусь Республикасы үшін

Грузия Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін

Молдова Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Тәжікстан Республикасы үшін

Түрікменстан үшін

Өзбекстан Республикасы үшін

Украина үшін

Оқығандар:

Икебаева А.Ж.

Омарбекова А.Т.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК